

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы балабақша	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балдаурен»тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	4-5 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Ермек Мадина Сәрсен Жұлдыз				
Жоспардың құрылу кезеңі	19.09-23.09.2022ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі	19.09.2022	20.09.2022	21.09.2022	22.09.2022	23.09.2022
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес	Баланың денсаулығы туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу, сондай-ақ осы бағанда кеңес беруді немесе жеке әңгімелесуді көрсетуге болады (мысалы, күзде ЖРВИ кезеңінде және ЖРВИ алдын алу шаралары, егер				

беру	карантин тобында, мысалы, желшешек ауруы болса осы тақырып бойынша кеңес беруді немесе жеке кеңес беруді көрсету).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсаты: балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсаты: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	"Оқу құралдарымен шкафта тәртіпті сақтау". Мақсаты: балаларды өз бетінше шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге үйрету.	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсаты: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңдерді орап, шүберекті сулаңыз және құрғатып сығыңыз, ластанған кезде оны сумен шайыңыз.	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам орындау.
	«Емхана» сюжеттік-рөлдік ойыны. Мақсаты: балаларды үлкендердің	Құрылыс ойындары «Аспалы көпір». Мақсаты:	«Кім зейінді?» Мақсаты: белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі	Дидактикалық ойын: «Төлдерін тап». Мақсаты: үй	Дидактикалық ойын. "Жамауын тап". Мақсаты: балаларды

	еңбегімен таныстыру. Балаларды дәрігер, медбике ретінде болып ойнауға үйрету.	балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.	нәрселер құрастыру. Көрнекілік: сіріңке қорабында таратпа геометриялық пішіндер. Барысы: тәрбиеші төмендегі бейнелерді геометриялық пішіндерден алып бейнелер құрайды. Жылдам болған бала мадақталады.	жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін тиянақтау. Алдарындағы суреттен үй жануарлары мен олардың төлдерін сызық арқылы қосу керектігін түсіндіреді. Соңынан қай малдың төлі қалай аталатынын айтқызады.	суреттің жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету. Барысы: педагог әр баланың алдына мысықтар бейнеленген суретті таратады, және сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды таратады. Балалар суреттегі жоқ домалақтардың үстіне, сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды орналастырады.
Таңертенгі жаттығу	1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол бел тұсында 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "міне" дейді 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында 2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "міне " дейді 3. Бастапқы қалып жерге отырып, аяқтарын алшақ қояды, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет				

	қайталанады). 3.1. Жерге отырған қалыпта қолдарын шапалақтайды 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене тік, қол көкірек тұсында 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "міне" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады).				
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Тазалықты сақтау үшін сумен дос болу керек. Сылдырлайды мөлдір су Мөлдір суға әрдайым Таза бетін маңдайын				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	- Сәлем, күнім! Сәлем, жер! Сәлем, досым! Сәлем, ел! "Сәлем" деймін әрқашан, Арайлы, балабақшам! Жанды және жансыз табиғатты пысықтау.	«Достық» шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Табиғатты қорғаймыз. Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. Қазақстан Республикасының алғашқы Елбасы	«Қайырлы таң!» - Қайырлы таң, құсқа да аңға да! Қайырлы таң, жайдары жанға да! Қайырлы таң, алға ассын! Кешке дейін жалғассын! (Жарты шеңбер кұрып отыр. Бәрі бірге айтады). ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу.	- Армысың шапағатты Күн-Ана! Армысың шапағатты Күн Ана! Армысың қайырымды Аспан Ана! Армысың мейірімді ЖерАна! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа! "Қазақ тілін мақтан тұтамын" атты тақырыпта әңгімелесу.	Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!"- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!»-деп кіремін. Шеңбер бойына

		және қазіргі президенті жайлы әңгімелесу.			тұрып, кимылдар жасайды. Тілдер мерекесі жайлы әңгімелесу.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Біз алғырмыз". Мақсаты: балаларды аяқтың ұшымен жүгіру; гимнастикалық орындықпен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. "Гимнастшылар" ойыны.	Музыка "Ата-ананы тыңдаймыз". Мақсаты: балаларды ата-ана туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету. "Сылдырмақ" музыкалық-дидактикалық ойын.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Бөренемен тағандап жүру". Мақсаты: балаларды қатарда бірінің артынан бірі жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; сапта тұрып, тізені жоғары көтеріп адымдауға үйрету. "Арқан тарту" кимылды ойыны.	Музыка "Күздің ғажайып құбылыстары". Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету. "Қатты немесе ақырын" музыкалық - дидактикалық ойыны.	Дене шынықтыру "Кедергіден өту амалдары". Мақсаты: балаларды бір орында тұрып секіру; допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуға (1,5 м қашықтықта) үйрету. "Секірейік көңілді" ойыны.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Ағаштарды	Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Шөптің солуын	Балалардың ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Шыбын-	Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Саңырауқұлақты	Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Жапырақтардың

	бақылау Көркем сөз. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі, Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі. Бақылау: сыртқы белгілеріне қарап ағаштардың 2-3 түрін (шырша, қайың, терек) танып, ажырата білу. Маусымды өзгерістер кезінде ағаштарды бақылау, жапырақтарының азаюына назар аудару. Жапырақтардың жазда және күзде қандай түсте болатынын анықтау. Қимылды ойын: «Аталған ағашқа жүгіріп бар». Бейнеленген сын- сипатты белгілер	бақылау Жұмбақ. Дала кілемі. Ол не? (Шөп, өсімдіктер) Бақылау: балаларды шөптің кескін-келбеті өзгеруі туралы түсініктерін көңейту. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Қимылды ойын:«Көгершін» ойын. (шешен-ингуш халықтарының ұлттық ойыны) Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып, айқастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтап, орын ауыстыру, бір-	шіркейлердің жойылуын бақылау Жұмбақ. Шидім, шидім, шидім құс, Ши басына қонған құс. Қарқаралы қара құс, Хан басына қонған құс. (Шыбын) Бақылау: күз мезгілінде шыбын- шіркейлердің өмір сүруін, олардың тастар мен жапырақтардың астына тығылуын бақылау, қорытынды жасау. Ауа райының салқындауына байланысты жәндіктердің жоғалуы. Қимылды ойын: «Көбелекті ұстап алу». Бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында	бақылау Жұмбақ. Сырты бүтін, Іші түтін. (Саңырауқұлақ) Жеуге жарамды – ақ түсті, майлы. Улы – мухомор, бозарыңқы арамқұлақ. Бақылау: саңырауқұлақтарды ажырата білу, олардың сырт бейнесіне қарап тану (түсі, пішіні). Бөліктерін атап беру: аяғы, қалпағы. Күз айының кереметін ұғыну, мейірімділікке тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Аюдың апанында» (орыс халқының ұлттық ойыны). Балаларға сөздерін анық айтқызу, ойын ережесін сақтауға	толық түсуін бақылау Жұмбақ. Ағайынды бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары. (Жапырақ) Бақылау: өсімдіктер дүниесінің маусымдық өзгерістері туралы түсініктерін жалғастыру: жалаңаш ағаштар. Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қандай болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты білуді және табиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Соқыр теке»
--	--	---	--	---	--

	бойынша ағаштың атауларын білу. Сигнал бойынша жұмыс істеп, алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыруға үйрету. Еңбек: ағаштардың арасындағы қурап қалған бұтақтарын жинау. Ұжымдық тапсырмаларды орындап, бірлескен тапсырманы дер кезінде аяқтауды үйрету. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: әткеншек тебу. Ойын барысында достық қарым-қатынас бірлестігін жетілдіру.	бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау. Еңбек: қурап қалған шөпті тырнауышпен жинау. Тырнауыштармен жұмыс істеуді бекіту, нақтылы орынға шөпті жинау. Еңбексүйгіштікке баулу. Өз бетімен ойындар: «Ертегідегі үйшік» ойыны. Балалардың қалауы бойынша (2-3 адам) үйшік ойнауларын қадағалау. Байсалды, қуанышты жағдай жасауына мүмкіндік туғызу.	жоғары секіруге үйрену. Достарымен жақсы қарым-қатынаста болуға, тәрбиелеу. Еңбек: клумбаларды қурап қалған гүлдерден тазалау, өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу, өсімдіктерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Өз бетімен ойындар: жақсы көретін ойыншықтармен ойнау, ойынды жолдастарымен бірігіп ойнауға үйрету.	үйрету. «Аюды» санамақ арқылы таңдауға үйрету. Еңбек: тотықұсқа тамақ. Ерікті күштерді қоса тіркелетін қызметтің мақсаттылығына тәрбиелеу. Өз еңбегінің маңыздылығын түсіндіру. Өз бетімен ойындар: «Балық аулау» т. б. ойындар. Ептлікті талап ететін дербес ойындарды мадақтау, жылдамдыққа үйрету.	ойыны (орыс халқының ұлттық ойыны). Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын қадағалау. Еңбек: ауладағы жұмыс. Жапырақтарды тырнауышпен жинау. Өз бетімен ойындар: түскен жапырақтардан оюлар, заттар құрастыру, шығармашылықтары н, фантазияларын дамыту.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға				

	бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру; Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Туыстар. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ы], [і] дыбыстары". Мақсаты: балаларға туыс адамның отбасыдағы орны туралы түсіндіру; [Ы], [І] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болу мысалдарын көрсету.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Нұр-Сұлтанға саяхат". Мақсаты: балаларды Нұр-Сұлтан қаласының әсем ғимараттарымен таныстыра отырып, қала туралы әңгімелеп беруге үйрету. Дидактикалық ойын: "Өз туыңды тауып ал". Қимылды ойындар «Ұшты-ұшты».	Жапсырудан ойын-жаттығу. "Көк тудың желбірегені". Мақсаты: балаларды көк түсті қағаз бетіне қыран және күннің қимаулігілерін жапсырып, тудың бейнесін құрастыруға; күн және күн шуақтарының үстіне тарыны, қыран үстіне қарақұмықты желімнің көмегімен жапсыруға үйрету. Дидактикалық	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Менің көшемде не бар?" Мақсаты: балалардың екі және үш сандары жөніндегі ұғымдарының негіздерін қалыптастыру, "оң қол", "сол қол" ұғымдарын тиянақтау. Дамытушы ойын. "Достар болайық." Театрды сахналау.	Вариативті компонент. Ағылшын тілі "Numbers 1-5". Мақсаты: Number, one, two, three, four, five ” лексикалық бірліктерін беру және жауап беруге, ағылшын тілінде санауға үйрету. Didactic game "Write & wipe 123 activity cards". «Киім дүкені» Мақсаты: ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету.

	Артикуляциялық жаттығулар. [Ы], [І] дауысты дыбыстары. Үстел-үсті ойындары. "Пазылдар". Мақсаты: зейін, ойлау және визуалды есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Мақсаты: шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар бастаушының сөзін қалт жібермей, тыңдап отыру шарт. Ұшатын құс не зат туралы айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы: Ойынды былай жүргізеді. Ұшты-ұшты сұңқар ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты қарға ұшты!	ойын «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер". Мақсаты: үй жануарларын ажырата білуге, олардың төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: ойыншық үй жануарлары үстелдің үстінде тұру керек. Балалар ойыншықтарды мұқият қарап алады. Тәрбиешінің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде тәрбиеші үй жануарларының бір төлін тығып тастайды. Тәрбиеші ненің төлі жоқ деп сұрайды? Балалар	"Арыстан мен тышқан" ертегі желісін маскамен сахналау.	Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді.
--	--	---	--	---	---

		(қол көтереді)	жауап беру керек. Ойын бірнеше рет жалғастырылады.		
Балалармен жеке жұмыс	«Сиқырлы қапшық» Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.	Дидактикалық ойын: «Не артық?» Әр баланың алдына жемістер мен көкөністер араласқан суреттері беріледі. Артығын тауып, атауды ұсынады. Жемістер мен көкөністерді ажыратады, мысалы: алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда, орамжапырақ артық, өйткені ол көкөніске жатады, қалғаны жемістер.	Артикуляциялық жаттығу Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. 1) Ян - ян - секендеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбандаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр. 2) Ыр-ыр-ыр-ырылдайды қасқыр, Ра-ра-ра- бал жинайды ара, Мір-мір-мір- қап-қара көмір.	«Дәл осындай пішінді тап». Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден	«Кел, жазайық.» Мақсаты: тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі.

				құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.	
Серуенге дайындық	Алдымен топтағы аяқ киімдерін ауыстырып, аяқ киімді орнына қойып, киімдерді ретімен киюге үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету.				
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Менің Қазақстаным" тақырыбында жеке әңгімелесулер.				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Еркін ойындар. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру. Теартлық қойылымдар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу.	Балалардың тәртібі жайлы әңгімелесу.	Кеңес: «Неліктен бала тыңдамайды?»	Отбасыдағы патриоттық сезімге баулу тәрбиесі жайлы ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналар жиналысы «Отбасы және тәрбие бастауы».

Әдіскер: А.А.Сулейменова